



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ. Тұрсынов

« 03 » 2024 ж.

Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.О. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу Ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) жоспарына сәйкес, академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиаданың (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамтамасыз етілуін, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданың ұйымдастырушысы «Дарын» РҒПО, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы.

3. Олимпиаданың мақсаты – Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

4. Олимпиаданың негізгі міндеттері: оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімдерін жетілдіру мен тереңдету, патриотизмді, азаматшылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге деген құрметті дәріптеу, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

II. Олимпиада қатысушылары

1. Олимпиадаға қазақ тілінде білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады.

2. Республикалық қорытынды кезеңге облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері квотаға сай қатыса алады (1-қосымша).

3. Команда жетекшілеріне Олимпиада өткізілетін жерге дейін бару және қайту жолында және өткізілетін уақытта қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей жауапкершілік жүктеледі.

III. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша істі үйлестіру және ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңнің өтетін күні мен орнын айқындайды, қазылар алқасының құрамын, олимпиаданың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізбесін бекітеді,

Олимпиаданың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

3. Қазылар алқасының құрамы жоғары оқу орындарының жетекші ғалым-оқытушыларынан құралады.

4. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

5. Олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

I кезең- аудандық (қалалық) білім бөлімдері өткізеді;

II кезең- іріктеу кезеңі (облыстық), облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ өткізеді.

III кезең- қорытынды, республикалық.

6. Олимпиада 2 айналымда өткізіледі:

1 айналым – жазбаша – эссе;

2 айналым – ауызша – қазақ тілін, қазақ әдебиетінің шығармаларын, Қ.О. Бітібаеваның өмірбаянын, оның ғылыми мұрасын және публицистикалық еңбектерін білу бойынша.

7. Олимпиаданың республикалық кезеңіне тіркелу және қатысу жөнінде сұраныс хатты облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастыру комитетіне жіберу қажет (2-қосымша).

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, «Алтын Орда» бизнес орталығы, тел.+7 (7172) 79-58-71, e-mail:info@daryn.kz.

8. Облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Олимпиаданың Ұйымдастыру комитетіне олимпиаданың I, II кезеңдерінің қорытындылары бойынша есептерді ұсынады.

IV. Қорытындылау және марапаттау

1. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағару министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдармен және «Дарын» РҒПО грамоталарымен марапатталады.

2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр сынып бойынша қатысушылардың жалпы санының 45% құрайды.

3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

V. Қаржыландыру

1. Олимпиада бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырылады.

2. Қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығындары (жетекшінің тамактануы) жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.